

**Тасшалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
«Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» жобасын талқылау
№3 хаттамасы**

Өткізген уақыты: 22.11.2024 ж

Қатысқаны: 30 мұғалім

Күн тәртібінде: «Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» жобасын талқылау
Тыңдалды:

1. Мектеп директоры Кожаметов К.Б. «Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» жобамен мектеп ұжымын таныстырды. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша қолданыстағы стандарт пен стандарт жобасындағы өзгерістер мен толықтыруларға ерекше тоқталды. Стандарттың қолдану салалары, білім беру мазмұнына қойылатын талаптар, бастауыш және негізгі білім берудің құндылықтары, педагогикалық тәсілдеме, көптілді білім беру, инклюзивті білім беру, білім беру салалары бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер, кәсіптік бағдар беру және әлеуметтік GPA бағалау жайында айтып талқылау жасады. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Женисхан А., Асгат К. МЖМС бойынша білім стандарттарын бағалау, бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру мониторингісі жайында айтып өтті. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген жалпы орта білім беру мақсаттарының жүйесіне қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға ықпал ететінін айта келе, мұғалімдер өз ұсыныстарымызды білдіре алатынымызды айтты. Әдістемелік бірлестік жетекшілері Садвакасова А.Б., Утельбаева Ж.К., Сагитова А.С., Ермаганбетов Н.Б. топтарымен мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша берілген ақпараттарға талдау жасап, өз ұсыныстарын білдірді.

Ұсыныстар:

1. Жалпы орта білім беру ұйымдарында бітіру емтихандарына және жоғары оқу орындарына қабылдауды ұйымдастыруға арналған бақылау-өлшеуіш материалдарын әзірлеуді нығайту.
2. Сабақтан тыс іс-әрекет – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысанына арнайы сағаттар санын қосу
3. Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндерінің бағытын есепке ала отырып топтастырылған оқу пәндері бойынша элективтік курстар ашу
4. Цифрлық құралдар мен жасанды интелектіні оқу үрдісінде тиімді пайдалануды қолжетімді ету.
5. Оқулықта берілген тапсырмаларды ақпараттық технологияның дамуына сай, оқушылардың назарын аударатындай жаңа білім мазмұнына сай тапсырмалармен толықтыру.

Төрағасы:

Кожаметов К.Б.

Хатшы:

Маухан А.